

«Чаглинка станциясының негізгі орта мектебі» КММ

***«Адал Ұрпақ» клубының
2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарының жылдық
есебі***

2024-2025 оқу жылы

2024-2025 оқу жылындағы Чаглинка станциясының негізгі орта мектебінің «Адал Ұрпақ» клубы жұмысының жылдық есебі

2022-2023 оқу жылына арналған жоспар бойынша «Адал ұрпақ» еріктілер клубы өз жұмысын қыркүйек айында бастады. «Жемқорлыққа қарсы күрес» атты жаднама таратумен бастады! Бұл жаднаманың басты мақсаты жемқорлықтың алдын алу. Жаднамада жемқорлықты көрген жағдайда хабарласу үшін нөмірлер көрсетілген!

ПАРА БЕРСЕҢ, ЖАЗАЛАНАСЫҢ

ПАРА КЕЛЕСІ ТҮРДЕ БЕРІЛУІ МҮМКІН:

- Ақша және сыйлықтар
- Пайда және қызмет ұсыну
- Сауық және басқа шығындарды төлеу




ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН КЕЛЕСІ ТҮЛҒАЛАР БОСАТЫЛАДЫ:

- Пара беру туралы өз еркімен хабарлағандар
- Қорқытып алу салдарынан пара бергендер



Қазан айында «Адал ұрпақ» ақпараттық стендісі бойынша жұмыс жүргізілді.

Оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар өз құқықтары мен міндеттері туралы мағлұмат алды, адамгершілікке, адалдыққа, заңға бағыну секілді ұстанымдарға тереңірек үңілді.



<https://www.instagram.com/p/DCjDt7TMg39/?igsh=djk3bzAyMzk2cjRw>


«Құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтың, соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы отбасының рөлі» туралы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ата-аналарға құқықтық тәрбие беру мәселесінің маңыздылығы, баланың мінез-құлқы мен құндылықтары ең алдымен отбасында қалыптасатыны кеңінен түсіндірілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары, ата-аналардың бала тәрбиесіне

қатысты жауапкершілігі туралы нақты мысалдар келтірілді. Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға және жеке тұлғаға тигізетін зияны туралы ақпарат берілді.



Қараша айында «Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысқан оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық жеткізе білді. Тақырып бойынша ой-өрістерін кеңейтіп, қоғамдық тәртіп ережелерін түсінді.

Бастауыш сыныптарда «Адамдық – ардың ісі» тақырыбындағы адалдық сағаты өтті. Адалдық тақырыбындағы қысқа бейнеролик көрсетіліп, оған қатысты ойлар ортаға салынды.



«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында сурет байқауы өткізілді. Байқауға 1-7 сынып оқушылары белсене қатысты.



Қаңтар айында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды.



Ақпан айында «Жемқорлық-қоғам дерті», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыптарында флешмоб және жаднама таратылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Наурыз айында «Мемлекеттік қызмет — елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауы өткізілді. Эссе байқауы оқушылардың патриоттық санасын оятып, олардың мемлекеттік қызметке деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. Қатысушылар адал қызмет ету, елге пайда тигізу, әділеттілік пен жауапкершілік туралы өз ойларын терең және әсерлі жеткізе білді. Бұл іс-шара жас ұрпақтың бойында адалдық пен азаматтық жауапкершілікке негізделген құндылықтарды қалыптастыруға бағытталды. Сәуір айында 5-6 сынып оқушылары мұғалімдермен бірлесіп, мектеп территориясында «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілікке шығып, табиғатты аялауға және тазалық сақтауға өз үлестерін қосты.



Аға-тәлімгер: Рахимжанов М.Х.
Хайролла А.Т.